

нәтижелерімен алмасып, оларды бірлесіп талқылаған жөн. Сол кезде тәрбиеге қатысы бар әрбір ересек адамның көру шегі кеңейеді және баланың жеке басы толық түрде көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Сухомлинский В.А. Избранные педагогические труды.- М., 1999.
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005.
3. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. В 2- т.-М.:Педагогика, 1984.
4. Формирование творческих способностей: сущность, условия, эффективность. Сб. науч. тр. - Свердловск, СИПИ, 2010.
5. Капинос В.И. Активизация методов работы по развитию речи.- М., 2020
6. Кадирбаева Р.І. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері пед.ғыл.докт...дисс.автор. – Алматы, 2010.
7. Клименко В. В. Психологические тесты таланта. – Харьков: «Фолио», 2016.
8. Лейтес Н.С. Способности и одаренность в детские годы. – М., 1984.
9. Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед.ғыл.докт...дисс.автор. – Түркістан, 2008.

Намазбаева Ж. Ж., Садвакасова К.К.
«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Бұл мақалада тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар, бүгінгі мектеп оқушыларының, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу сауаттылығын арттыру қаралған. Мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушы алған білімін өмірдің түрлі жағдаяттарында қолдануға және дұрыс шешім қабылдауға үйрету мақсатында сабақта әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, шығармашылық, сыни ойлау қабілетін дамыту көзделген.

Кілт сөздер: оқу сауаттылығы, мәтінмен жұмыс, негізгі және қосымша ақпарат, білімді қолдану, меңгерген білім.

Қазіргі таңда әлемдегі болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе білетін тұлға қажет. Сондықтан оқушының білім деңгейі мен білімділігіне қойылатын талаптарды арттыру керетігіне көзіміз жетіп отыр. Бәсекеге қабілетті мемлекет алдында тұрған міндеттердің бірі- дүниежүзілік білім әлеміне ену. «Күш білекте емес, білімде» дегендей, оқушыны алға сүйрейтін күш тек білімде ғана. Халықаралық стандарттар талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Өмірлік міндеттерді шешу үшін алған білімді қолдана алу дағдысы, яғни өмірдегі барлық мәселелердің шешімін табудың бірден-бір жолы- функционалдық сауаттылық. Бұл - өмірмен тығыз байланысты, бүкіл өмірдегі мәселелерді қарастыратын пән. Ол өмір бойы білім алуына ықпал етеді, яғни бүгінгі қарқынды дамып жатқан қоғамда заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді өмір тәжірибесінде қолдана алуы мен жетілдіріп отыруына септігін тигізеді. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Халықаралық деңгейдегі зерттеулерде функционалдық сауаттылық 3 бағытта қарастырылады. 1) оқу сауаттылығы, 2) математикалық сауаттылық, 3) жаратылыстану бағытындағы сауаттылық. [1]

Ертеңгі күні елімізге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар- бүгінгі мектеп оқушылары. «Оқу-өмірдің сәні, тіршіліктің шамы», -деп Сәкен Сейфуллин Алаш ардақтысы айтып кеткендей, оқу-адамның зияткерлік мәдениетінің көрсеткіші. Оқу арқылы адам жетіледі, жаңа нәрселерді үйренеді, ақыл-ойы дамиды. Бұл үрдіс адамның өмірінің соңына дейін жалғасады. Мәтін мазмұнының әртүрлілігі оқушының жеке қабілеттерін қалыптастырады. Оқу сауаттылығы мәтіндерді меңгеруге негізделген.[2]

XIX ғасыр-жаһандану ғасыры. Оқу сауаттылығын тек ҰБТ-да ғана қолданбайды, әрқашан күнделікті өмірімізде қолданамыз. Қазір ақпараттар өте көп, бірақ осы ақпараттардың керегін өзіңе сұрыптап, дұрыс қолдана алудың өзі кез келген адамға қажет.

Қазақ тілі пәнінде негізгі оқыту нысаны - мәтінмен жұмыс. Күнделікті сабақта мақсатқа сай оқытуда жаттығулардың мәтін түрінде берілуі және осы мәтінмен жұмыс барысында орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуі қажет. Осыған орай мұғалім әр сабағында мәтінмен жүйелі жұмыс жүргізгенде және оқушының оқу дағдысын қалыптастырғанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

Мәтінмен жұмыс жасауда : мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтау, оған тақырып тандап, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру, хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу; ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру сияқты жұмыс түрлері жасалады.[3] Осы аталған жұмыстарды күнделікті сабақ барысында қалай қолданатынымызға тоқталатын болсақ, 5-сыныптың қазақ тілі сабағында «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика» тарауы бойынша «Тұсау кесер» тақырыбында төмендегідей мәтінмен жұмыс жасалды.

1-тапсырма. Берілген сурет нені білдіреді? Екі сәйкестікті анықта (1-сурет).



1-сурет. Берілген сурет нені білдіреді? Екі сәйкестікті анықта

2-тапсырма. Ретімен орналастыр.

Отбасылық дәстүрді ретімен орналастыр.

- 1.Тілашар
- 2.Шілдеhana
- 3.Сүндет той
- 4.Тұсау кесер
- 5.Балаға ат қою
- 6.Бесік той
- 7.Ашамайға отырғызу.
- 8.Тоқымқағар
9. Туған күн

3-тапсырма.«Баланың аяғына не себепті ала жіп байланады? Қара, қызыл, көк жіп неге байланбайды?» деген сұраққа жауап бер.

4-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Егер баланың тұсауы кесілмесе не болады деп ойлайсыз? Өз болжамыңды білдіріңіз.

«Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика» бөлімі бойынша «Сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы мәтінмен жұмыс түрлеріне арналған тапсырмалар

1-тапсырма. Телефонмен сөйлесу әдебі туралы білетінімізді ортаға салайық (2-сурет).



2-сурет. Телефонмен сөйлесу әдебі


2-тапсырма. Қазіргі таңда өзін телефонсыз өмірді елестету қиын. Сол жан серігіңізге айналған құрылғыны қолдану тәртібін білесіз бе? Телефонды қолға алып, сандарды теріп, қоңырау шалуды еңбектеген баладан бастап бәрі біледі. Ал әрі қарай қолдануда қандай әдептерді сақтау керек? Өз ойыңды қасыңдағы досыңа білдіріңіз.

<https://www.youtube.com/watch?v=syOKZ3LHvT8> сілтеме арқылы өтіп, телефонмен сөйлесу әдебімен танысып ойыңды толықтырыңыз (3-сурет).

3-тапсырма. *Телефонмен сөйлесу әдебіне байланысты нұсқаулық құрастырыңыз (1-кесте).*

1-кесте. Мәтінмен жұмыс жасау дағдыларының алгоритмі:

Тапсырмалар	Қалыптасатын білік-дағдылар
Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз	Қысқа мәтінді толық түсінеді, ұсынылған мәтіннен өзіне керек ақпаратты ажыратады. Қарым-қатынас түрлеріне тән сөз әдептерін игереді.
Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз	Мәтіннен өзіне қажетті негізгі ойды білдіретін мағыналы, нақты тірек сөздерді іріктей алады. Тірек сөздерді табу арқылы өзінің сөздік қорын молайтады. Іскерлік қатынастағы тілдесуге қажетті тілдік амалдарды орнымен қолданады.
Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпаратты табыңыз.	Берілген мәтіннен негізгі және қосымша мәліметті іріктеп алып, өз ойын нақты, жүйелі жинақтап, жазба жұмысында қолдана алады. Ойын айқын, әсерлі жеткізуде сөз мағыналарын, синонимдерді, мақал-мәтелдерді сауатты қолдана алады. Омоним, синоним, антонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданады.
Мәтінге ат қойыңыз	Мәтіннің мазмұнын түсініп, дәйектемелерді анықтай алады. Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құрады. Мәтіннен негізгі ойды ажырата алу дағдысын меңгереді.
Мәтіндегі асты сызылған сөздердің мағынасын ашыңыз	Мәтіндегі берілген сөздердің мағынасын түсініп, күнделікті өмірде қолдана алады, сөз сапасына қойылатын талаптарды анықтай алады.
Мәтін мазмұнына сай келетін мақал-мәтелді тауып жазыңыз	Сөз мәйегін танытатын мақал-мәтелдерді тауып, ауызша және жазбаша тілдесім барысында еркін қолдана алады.



3-сурет. Оқу сауаттылығын арттырудағы білім сапасының диаграммасы.

Берілген диаграммада 5-сынып оқушыларының 1, 2-оқу тоқсанындағы білім сапасының көрсеткіші берілді. Онда 1-тоқсанда екі сыныпта да сапа көрсеткіші 64-65%-ды көрсетсе, 2-тоқсанда білім сапасының 3-4%-ға артқанын байқауға болады. Сонымен қатар сыныпта әлі де бақылауға алатын проблемалар да бар. Атап айтсақ, оқушылардың сөз байлығының аздығы, өз ойларын жүйелі де сауатты жеткізе алмауы, мәтіндегі негізгі ойды мақал-мәтелмен түйіндеуде қиналатындығы, мәтіндегі берілген сөздердің мағынасын түсініп, күнделікті өмірде қолдана алуы, функционалдық сауаттылық деңгейін әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол адамды тәрбиелейді. Адамның өмірге көзқарасын танытады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді.

Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады. Олар өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді болып өседі. Оқушылармен шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Әдебиет сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану тиімді. Мысалы 8-сыныпта Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауын оқыту барысында Шортанбай заманы мен қазіргі заманды салыстыра отырып, оқушы өз бағасын береді жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға береді. Ақын шығармасын қайта өңдеп креативті түрде жазады. Аталған жұмыс түрлерінде Блум таксономиясының жоғарғы деңгейі дәрежесіне жетеді. Оқу сауаттылығын арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін беру оқушылардың белсенді ойлауын, білімі мен білік дағдысын қолдана білуін қалыптастырады. Оқу мақсаттарын түсінуге бағытталған шығармашылық тапсырмалар ұйымдастыру сауаттылықты аттыруға бағытталады. Мысалы, шығарманың басты ойы неде? Шығарманың қай бөліктері бір-біріне қарама-қайшы, неліктен т.б. сұрақтар арқылы оқушының байқағыштығы, өзін-өзі сынауға және бағалауға бейімділігі, сыни ойлауы, шығармашылық қабілеті, белсенді ойлауы дамиды.

Қорытындылай келе, оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту және жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде белсенді оқылымды қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Оқылым кезінде мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды анықтау, маңызды ақпараттарды қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, бейтаныс сөздердің мәнін түсіну үшін сөздіктермен жұмыс жүргізіледі. Мәтінге ат қою немесе мәтін тақырыбын мақал-мәтелдермен алмастыру, сөздердің синоним, омоним, антонимін табу, мәтін түрі мен стилін, көркемдегіш құралдарды табу, шешендік сөз оралымдарын анықтау сияқты жұмыс түрлері жүзеге асырылады.

Белгілі педагог К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім- өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанды ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтасымен оның мұғалімдігі де жойылады», -деген пікірін негізге ала отырып, мұғалім әрдайым кәсіби дамуын назар аудару қажет.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана: 2012.
2. «Оқытудың интербелсенді әдістері» Асхат Әлімов Астана, 2014
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, II деңгей: 2012. –58 б.

Нуржанова Г.Б.
КГУ «ОШ №81» г. Караганды
Жекибаева Б.А.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ ОБУЧАЮЩАЯ ПРОГРАММА КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ СМЫСЛОВОГО ЧТЕНИЯ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В статье рассматриваются возможности использования автоматизированной обучающей программы в формирование навыков смыслового чтения у младших школьников. Раскрыты методические приемы формирования навыков смыслового чтения учащихся начальной школы, а также практические примеры использования заданий, размещенных в АОП по литературному чтению.

Ключевые слова: навык, навыки смыслового чтения, смысловое чтение, формирование навыков смыслового чтения автоматизированная обучающая программа, приемы работы с текстом, учебные задания.

В современном обществе умение школьников читать не может сводиться лишь к овладению технической стороной чтения. Скорее, чтение следует рассматривать как постоянно развивающуюся совокупность знаний, навыков и умений, то есть как качество человека, которое должно совершенствоваться на протяжении всей его жизни в разных ситуациях деятельности и общения. Такой подход нашел отражение в нормативных документах Республики Казахстан, которые, с одной стороны, отражают государственный заказ общему образованию, с другой стороны, определяют его содержание.

Согласно современным авторам М.П. Воюшиной, Б.А. Ланину, цель смыслового чтения – максимально точно и полно понять содержание текста, уловить все детали и практически осмыслить извлеченную информацию [1-2]. Важно научить читать младших школьников осмысленно, внимательно вчитываться и проникать в смысл с помощью анализа текста. Когда ученик владеет смысловым чтением, то у него развивается устная речь, а в дальнейшем и письменная.

Анализ педагогического опыта показывает, что систематическое использование разнообразных приемов работы с текстом формирует у обучающихся устойчивый интерес к чтению, совершенствуется техника чтения, развиваются творческие способности, и, в целом, познавательные компетенции. Поэтому в начальной школе принято формировать навык смыслового чтения на уроках литературного чтения.

Для формирования читательской грамотности и навыков смыслового чтения Е.В.Бунеева, О.В. Чиндилова рекомендуют предлагать учащимся специальные учебные задания, направленные на обучение умениям: найти и извлечь информацию из текста; интегрировать (связывать) и интерпретировать (толковать) прочитанное; осмыслить и оценить прочитанное [3].

Для формирования навыков смыслового чтения, по мнению Н.Е.Скриповой, А.В.Бабухиной, предлагают использовать следующие видов работ:

- прогнозирование содержания текста, хода событий в сюжете, место и время действия, главных героев и их характеристики по обложке книги, заголовкам, главам, иллюстрациям;
- «верные и неверные утверждения», «верите ли вы...»;
- мозговой штурм;
- словарную работу;
- выделение ключевых слов;